

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерінің және Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерінің мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы N 19 сәуір N 523

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерінің және Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерінің мәртебесі

туралы 2000 жылғы 9 қазанда Астана қаласында жасалған келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы
бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерінің және Ресей Федерациясының
Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралдары
тілшілерінің мәртебесі туралы
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі,

екі елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірі туралы ақпараттардың
кеңінен және еркін таралуы үшін жағдайлар жасау қажеттілігін негізге ала отырып,
журналистерді және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерін
құқықтық қорғау және олардың кәсіби қызметтерін жүзеге асыруы үшін қолайлы
жағдайларды қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып,
1948 жылғы Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясының ережелерін

басшылыққа ала отырып,

1975 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестік Қорытынды актісіндегі және ақпарат пен гуманитарлық саладағы ынтымақтастыққа қатысты ЕҚЫҰ-ның кейінгі құжаттарындағы ережелердің орындалуына жәрдемдесуге тілек білдіре отырып,

кең ауқымда ақпараттар алмасуға жәрдемдесуді және аталған салада келісімдер жасасу қажеттілігін көздеген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы 1991 жылғы 8 желтоқсандағы келісімнің 4-бабына Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде және екі жақты негізде қол жеткізілген басқа да уағдаластықтарға сәйкес іс-қимыл жасай отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Осы Келісімде келтірілген төмендегі терминдер мынадай мағынаны білдіреді:

- "шетел тілшілері" - Ресей Федерациясында тіркеуден өтіп, Қазақстан Республикасында есепке алынған бұқаралық ақпарат құралдарының (агенттіктер, газеттер, журналдар, басқа да мерзімді басылымдар, баспалар, радио және телевидение) тілшілерін және Қазақстан Республикасында тіркеуден өтіп, Ресей Федерациясында тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілерін білдіреді;
- "тіркелген мемлекеті"- шетелдік тілші тіркелген мемлекетті білдіреді;
- "тіркеу" - тіркейтін мемлекеттің уәкілетті органы жанында бұқаралық ақпарат құралы өкілінің белгілі бір мерзімге тағайындалғанын және оның тіркеу құжатын алғандағын білдіреді;
- "уәкілетті орган"- тіркейтін мемлекеттің аумағында тіркеудің және шетел тілшілері қызметінің мәселелерін реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органды білдіреді.

2. Шетел тілшілері ретінде тіркейтін мемлекеттердің азаматтары тіркелуі мүмкін.

2-бап

Тіркейтін мемлекеттегі шетел тілшілерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларымен, тіркейтін мемлекеттің заңнамасымен және осы Келісімнің ережелерімен айқындалады және реттеледі.

3-бап

Тараптар өз мемлекетінің уәкілетті органдары мен ұйымдары арқылы және ұлттық

заңнамасы шеңберінде тіркейтін мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірі туралы шетел тілшілерінің шынайы ақпараттар алуына және таратуына, жалпы жұрт таныған журналистік этика нормаларын сақтауына жан-жақты көмек көрсетеді.

4-бап

Тараптар өз мемлекетінің уәкілетті органдары мен ұйымдары арқылы ұлттық заңнама шеңберінде өздерінің кәсіби міндеттерін жүзеге асыруы кезінде шетел тілшілерінің ресми ақпарат көздеріне еркін рұқсат алуын, сондай-ақ шетел тілшілерінің ақпарат көзі құпиялылығын сақтау құқығын қамтамасыз етеді.

5-бап

Тараптар уәкілетті органдар мен ұйымдары арқылы өз мемлекеттерінде баспасөз орталықтарын құруға және олардың жұмыс істеуіне жәрдемдеседі, сондай-ақ шетел тілшілері үшін ресми баспасөз конференцияларының және басқа да сол сияқты іс-шаралардың ашық өткізілуін қамтамасыз етеді.

6-бап

Тіркейтін мемлекеттің ұлттық заңнамасының талаптарын ескере отырып, өзара құрмет тұту негізінде шетел тілшілерінің Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының аумақтарында, бару үшін арнайы тәртіп белгіленген аудандар мен объектілерді қоспағанда, емін-еркін қозғалуына және кәсіби міндеттерін атқаруына құқық беріледі.

7-бап

Тараптар уәкілетті органдары мен ұйымдары арқылы шетел тілшілерінің тіркейтін мемлекеттің ұлттық заңнамасы тыйым салмаған тәсілмен өздерінің материалдарын, радио, видео және телеақпараттарын қандай да болсын цензурасыз, еркін беру құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

8-бап

Тараптар уәкілетті органдары мен ұйымдары арқылы шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілер қосындарын ашу және шетел тілшілерін тіркеу жөніндегі шешімдер қабылдауды, өтініш берілген күннен бастап екі айдан аспайтын, Тараптар

мемлекет мемлекеттерінің заңнамаларында белгіленген мерзімде қамтамасыз етеді.

Шетел тілшілерін тіркеу және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілер қосындарын ашу туралы шешімдер қабылдауды тіркейтін мемлекеттің уәкілетті органдары халықаралық құқықтың нормаларына және тіркейтін мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

9-бап

Тараптар уәкілетті органдары мен ұйымдары арқылы өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес қажет болған жағдайда тұрақты тіркелген шетел тілшілерінің және олардың отбасыларының тұрғын үйді, тілшілер қосындарын орналастыру үшін тұрғын жайды сатып алуына немесе оларды жалдауына, сондай-ақ күтпеген жағдайлар кезінде (табиғат апат, жазатайым жағдай) көмек беруде жәрдем көрсетеді.

10-бап

Тараптардың тиісті органдары мен ұйымдары, шетел тілшісі тіркейтін мемлекеттің заңнамасын немесе осы Келісімнің ережелерін бұзған жағдайларынан басқа реттерде, шетел тілшісі өкілі болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдарына берген ақпараттың мазмұнына байланысты шектеу шараларын, оның ішінде журналисті тіркеуден айыру немесе оны тіркейтін мемлекеттен шығарып жіберу сияқты шараларды қабылдаудан тартынатын болады.

11-бап

Тараптар осы Келісімнің орындалу барысын оқтын-оқтын қарап отырады.

Осы Келісім ережелерін түсіндіруге және қолдануға байланысты мәселелерді Тараптардың уәкілетті органдары келіссөз және консультациялар арқылы шешетін болады.

Осы Келісімге Тараптардың келісімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Тараптар өздерінің уәкілетті органдары мен ұйымдарының тағайындалуы, сондай-ақ осы мәселедегі кез келген өзгерістер туралы бір-бірін оқтын-оқтын хабардар етіп тұруға міндеттенеді.

13-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді

Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалды және Тараптардың бірі тиісті мерзімі аяқталардан алты ай бұрын келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша жіберген уақытқа дейін әрбір жолы келесі бесжылдық кезеңге өздігінен ұзартылатын болады.

Астана қаласында 2000 жылғы 9 қазанда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының	Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.